

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 591 Қаулысы

«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының

Үкіметі**ҚАУЛЫ**

**ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің аумақтарындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін 2011 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше р е з е р в і н е н :

1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.20 № 1559 Қаулысымен.

2) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын жеткізу жөніндегі көлік шығыстарын өтеу үшін 11570350 (он бір миллион бес жүз жетпіс мың үш жүз елу) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.20 № 1559 **Қ а у л ы с ы м е н .**

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К.Мәсімов*